

**№4. Әдістемелік кеңес:**

1. Тәлімгерлердің жас мамандар сабактарына қатысу III тоқсан қорытындысы;
2. III -тоқсанда атқарылған әдістемелік жұмыстар есебі.
3. III тоқсан БЖБ, ТЖБ жұмыстарының талдау есебі.
4. Әдебиеттік оқыту пәнінің берілуі 2-4 сыныптар
5. Оқушылардың оку сауатылығын қалыптастыру жұмыстары.
6. Білім сапасын арттыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісуді үйымдастыру
7. Қазақ тілі сабағының оқытылуын зерделеу


**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылының  
Ш- тоқсанында жас маманмен жүргізілген жұмыс туралы**  
**Хабарлама**

**Жас маман: Ноғайбай Анас Алмасұлы- математика пәнінің мұғалімі.**

Санаты: педагог. М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университетін бітірген. Мұғалімнің өзекті мәселесі: Білім алушылардың зейінін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жеткізу.

Жас маман Ноғайбай Анастың тәлімгері бола отырып, негізгі мақсат пен міндеттерді анықтадым. Жас маманмен кәсіби сұхбат жүргізіліп, күнделікті сабак жоспарының мақсатты жасалуына бағыт беріліп, оқу үрдісін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Тарапай, тақырып бойынша дидактикалық материалдарды дайындауда тиімді тапсырмаларды тандауда, үлгілі сабак тақырыбын таңdap, оның жоспарын дайындауда көмек көрсетілді, әрбір өткізілген сабактан кейін SWOT талдау жасалынды. Жас маман өз пәні бойынша үнемі ізденісте болуын ескере отырып, пән мұғалімдерінің сабактарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Сондай-ақ мектепшілік, аудандық шараларға белсенді қатысып, тәжірибесін жетілдіруде көмек үйымдастырылды. Атап айтқанда 9 ақпан күні аудандық білім бөлімінің үйымдастыруымен өткен «Мен тандаған мамандық» атты аудандық жас мамандар семинарында Ноғайбай Анас қатысты. Семинарда 7 сынып білім алушыларымен «Екі өрнектің қосындысының және айырмасының квадраты» тақырыбында сабак өткізді. Сабакта «Kahoot», «LearningApps.» т.б тиімді платформаларды қолдана отырып өткізді



Сабакты тиімді жоспарлаудың нәтижесінде сабак жоғары деңгейде өтті. Семинарда Анас Алмасұлы аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен мараппаталды.



Жас маманмен жұмыс жүргізуде алдағы уақытта төмендігі міндеттер қойылды:

- Жас маманға оқу іс-әрекетін өткізуге үздіксіз көмек беріп отыру.
- Өткізілетен әрбір шараға шығармашылық тақырыбы бойынша әдістемелік көмек беру.
- Тәлімгердің оқу іс-әрекеттеріне қатысып тәжірибе алмасып отыру.

Тәлімгер:  К. И. Алтаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм-де жаратылыстану пәндер бойынша  
2023-2024 оқу жылында III тоқсан бойынша  
атқарған жұмыстары туралы**  
**X а б а р л а м а**

Жаратылыстану пән бірлестігінің өзекті мәселесі: «Сабакта жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, нәтижеге бағытталған білім беру.

**Жаратылыстану пән бірлестігінде 14 педагог бар. Математика пәні бойынша-5, биология- 3, химия-1, география -1, информатика -3, физика - 1 .**

**Математика пәнінің мұғалімі Сейтқұл Айжан** жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 5 «ә» сыныбында «Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында үлгілі сабак және 7-8 сыныптар арасында сыныптан тыс «Ой мен ойын» сайыс сабак өткізді.

**Математика пәнінің мұғалімі Усенова Толқын** жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 22.01. күні алгебра және анализ бастамалары пәнінен 10 «ә» сыныпта «Түнди табу ережелері» тақырыбында үлгілі сабак өткізді. 23.01.2024ж. күні математика пәнінің мұғалімі Есжанова Алма мен Усенова Толқын 9-10 сыныптар арасында сыныптан тыс «Математикалық сайыс» зияткерлік сайысын өткізді. 19-20 наурыз күндері Қонаев қаласында «Балдәурен» демалыс орталығында өткізгендегі «Евклид олимпиадасына » қатысып, сертификат алды.

**Математика пәнінің мұғалімі Ноғайбай Анас** Жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 23.01.2024 күні « $y = a(x - m)^2 + n$ ,  $a \neq 0$ , түріндегі квадраттық функция» тақырыбында үлгілі сабак өткізді.



Жас мамандарға арналған «Мен тандаған мамандық» атты өткізілген аудандық семинарда үлгілі сабак көрсетіп белсенділік танытқан үшін «Мадақтама қағазбен» марапатталды.

**Физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гулмайра** Жаратылыстану пәндері бірлестігінің 2024 жылы 16-26 қаңтар аралығында өткізген “Әлемнің

ғажайып үш тірегі” атты онкүндігінде 19 қаңтар күні 9”А” сыныбында күнтізбелік-тақырыптық жоспары бойынша “физика” пәнінен «Тербелмелі қозғалыс» тақырыбында үлгілі сабак өткізді.

**Информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гулзира** 19-қаңтар күні информатика пәнінен 6-7-сыныптар арасында «Қызықты информатика» тақырыбында интеллектуалды сайыс сабак өткізді.

24 қаңтар күні 5 «Ә» сыныбында информатика пәні бойынша «Гироскопиялық датчик» тақырыбында үлгілі сабағын өткізді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының облыстық кезеңіне 9 сынып оқушысы Ғаниұлы Мадияр информатика пәнінен қатысып, жүлделі III орынды иеленді.

Алматы облысы, Қонаев қаласы, «Орта мектеп-гимназиясы» КММ-да 01.03.2024 күні өткен «Мектеп пен балабақшадағы кәсіптік оқыту мәселелері: жаңаша көзқарас пен парадигмалар» тақырыбында облыстық семинарына қатысып, тәжірибе алмасты.

**География пәнінің мұғалімі Ибрагимова Бахыткул** 04.03.2024 күні «Ұлттық құндылықтар – ұлттық қазына » атты тақырыпта облыстық форумға қатысты.

**Биология пәнінің мұғалімі Оспанова Айнұр** биология пәнінен 8 сынып оқушысы Русланұлы Аслан аудандық пән олимпиадаға қатысып , 1 орынға ие болып, облысқа жолдама алды.

**Химия пәнінің мұғалімі Жортинбаева Фериде** химия пәнінен 9 сынып оқушысы Жансейіт Жібек аудандық пән олимпиадасына қатысып, 3 орынды иеленді.

Бірлестік жетекшісі: Усенова Т.З.

**"Бірлік орта мектебі" мкм-нің 2023-2024 оқу жылындығы  
Мәдениеттану пән бірлестігінің 3-ші тоқсанда атқарған  
жұмыстарының есебі туралы**

**Х а б а р л а м а**

2023-2024 оқу жылының қантар айындағы "Қыс ғажайыптары" байқауына Сейітқазы Арсен Сағынышұлы қатысып II Дәрежелі Дипломмен марапатталды және осы мәтінде Серік Айсұлу Айдынқызы марапатталды.




Обылыстық кіші ғылыми академиясына Қали Айзере қатысып Алғыс хатпен марапатталды. 12.02.2024 ж Апталықтың ашылуы болды. Салтанатты жын пән





бірлестік мүшелерінің ашық

сабактарын бекіту. Енбек, кітап көрмесін ұйымдастырылды Жоспар жасалынып бекітілді. Ден шынықтыру және технология музика пәндеріне қатысып төмендегі нәтижесін көрсетті. «Өнерлі болсаң озып көр» Молдабекова Майгул, Булатай Харлыға 9а, әсінып қыздар арасында сайыс өтті, бұл сайыста қыздардың шаш өру, наң жаюы, мақал – мәтеддермен жарысты әр білім алушы өз өнерлерін көрсетіп ортага өз ойларын салды. 14.02.2024 ж «Толағай» отбасылық сайысы өтті. бұл сайысты За Болысбаевтар отбасы, ЗәЖасқайтар отбасы, 4а Тайбаковтар отбасы, 4ә Анипиндер отбасы қатысты. Сайыс өте қызықты тартыымды болды. Отбастардан арасында ерекше жылдамдық ептілік көрсеткен 4ә сыныбы болды нәтиже бойынша женісті женіп алған 1-орын Анипинден отбасы. 2-орын Болысбаевтар отбасы, Зорын Тайбаковтар отбысы алды, арнайы мадақтама, бағалы сыйлықтар берілді.



16.02.24ж «Волейбол ойынының жарысы» Досмайлов Б, Зауытбек А.9-11сынып аралығында өтті. Жарыста тек мықтылар ойын көрсетті деседе болады, жақсы ойын



көрсеткен үздік ойыны Мақсатұлы

Нұрболат, үздік шабуылшы Бейсенбек Бақдаulet, үздік корғаушы Кожагұл Даңияр. осы мәтінде 1-орын алған 11 сынып оқушылары, 2-орын 10сынып оқушылары, 3-орын 9сынып оқушылары.

### 20.02.2024ж 5ә сыныбы Үлгілі сабак Дене шынықтыру пән мұғалімі А. Даuletбакова «Волейбол ойынының ережесі»

Мұғалім «Серпілген сауал» әдісі қолдана отырып, үй тапсырмасын пысықтады оқушы жауап берді. Оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оку мақсатына қол жеткізу мақсатында «Пазл әдісі» қолданды. Бұл әдіс тәсөлде оқушылар конвертке салынған тапсырманы орындағанда өз ойларын жеткізді. Сабак барысында негізгі екі топқа бөлініп, топ ішінде реттік сан бойынша бір бағалаушыдан тағайындалды. Әр топта әдісі бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы теренірек ақпарат алды. Сондай-ақ тақтада әр түрлі спорттық ойындар тарихы ережесі, допты беру әдіс-тәсілдері көрсетілді. «Таза тақта» әдісі бойынша әр топтағы оқушылар жұптастып, тақтадағы ілінген сұрақтарға жауап алынды. Сабакты бекіту кезеңінде оқушыларға екі жақты ойын ойнап, жіберген кемшіліктері және катемен жұмыс жасалынды. Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабак барысында смайлек арқылы берілді.

20. 02.

2024ж музыка пәнінің мұғалімі **Турымтай Хуансын** За -сыныпта «**Ұлы дала сал – серілері Ақансері**» тақырыбында үлгілі сабак өткізді. Мұғалім «Power Point» платформаларын пайдалана отырып, үй тапсырмасын жасырын смайлек арқылы пысықтады. Оқушылар Ақансерінің өмірбаяны мен танысып «Маңмангер» әнінің шығу тарихын тындалды. Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан «YouTube» желісінен бейнеказба көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оку мақсатына қол жеткізу мақсатында оқушылар Сал мен сері деген сөзге сипаттама берді. Ақансері мен Біржан сал екеуінің бір біріне ұқсастығын сәйкестендірді. Сабак барысында негізгі үш топқа бөлініп, топ ішінде реттік сан бойынша бір бағалаушыдан тағайындалды. Әр топта «төңкерілген сынып» әдісі бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы теренірек ақпарат алды. Сондай-ақ мультимедиялық тақтада Ақансерінің өмірбаянынан үзінді көрсетілді. Сабакты бекіту кезеңінде оқушылар «Маңмангер» әнін орындалды. Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабак барысында сұрақ-жауап, арқылы жалпы тақырыпты түсіну бойынша «Домыбыра аспабы» ұпай арқылы бағаланды. Қорытынды: сабакта тақырып толық ашылды. Оқушылар «Ұлы дала сал – серілері Ақансері» өнері туралы танысты, жаңа әнін үйренді. Сабак құрылымы жоспарға сай өткізілді. Турымтай Хуансын- сабак өткізу тәсілі талапқа сай. Жан-жақты ізденісі көп,

окушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті жоғарғы деңгейде. Сабак құрылымының әдіс-тәсілдерін, окушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын оята білді. Сабакты « жақсы» деп бағалаймын.

**Ұсыныс. Оқушыларды сабак айту барысында музикалық терминдерді пайдалана отырып сөйлеуді қолға алу.**

22-ақпан күні (2024 ж) Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Буратай Харлыганың 5-сыныпта үлдарға «Түрлі материалдарды қолданып, музикалық аспаптарды (ұрмалы және сокпалы) жобалау» тақырыбында үлгілі сабак өткізді. Оқушылар амандастып, сабакқа деген психологиялық көңіл күйлерін осылай бастаймын. **Мақсатымыз**, білім алу, **Міндетіміз**, еңбектену. **Әр оқушы өз құқығын білу, деп мен басын бастаймын оқушылар аяққы сөздерін айтады.**

<https://www.canva.com/design/DAFatqBRKXs/cFNXedIUXvOC4wZZY694TA/edit>

Дөңгелекті айналдыру арқылы аты шыққан оқушылыр біртіндеп тақтага шығады да, топқа бөлініп отырады. Бірінші, екінші топ «Шебер» және «Өнер» тобы болып отырады. Мұғалім оқушылардан үйге берген тапсырмаларын сурады, үйден темірден жасаған жануарлар бейнесін тақтага алып шығып қорғады.

<https://www.umaigra.com/editor/game/47500> Поезге отырғызып оқушыларға сұрақтар беріледі сол арқылы жауаптар алынады. Жана тақырып бойынша мұғалім тараپынан бейнеказба көрсетіліп, оқушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар тараپынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оқу мақсатына қол жеткізу мақсатында «Wordwall» платформасы арқылы тест алынды. Оқушылар әлеуметтік желі арқылы берілген сілтемеге өтіп, тапсырманы дұрыс жауабын тандау арқылы толық орындашықты. Сабак барысында оқушыларды бағалауды асық арқылы негізгі екі топқа бөлініп отырды. Әділқазы көрермендерге екі қоржын алдарына қойылды «Шебер» және «Өнер» тобы деп, қай топ сұрақ- жауаптарға жақсы жауап береді сол топқа асықтар арқылы ұпай жинап отырды. Әр топта «төңкерілген сиңип» әдісі бойынша оқушылар алдын-ала өздері ізденіп тапқан білімдерімен бөлісіп, қосымша сұрақтар қою арқылы тереңірек акпарат алды. Мұғалім тәжиірбелік жұмыс беріледі екі топқа, екі құрастырыш сабағымыз музикалық аспаптар болғандықтан екі топқа тапсырма бердім. Шебер тобына Асатаяқ, Өнер тобына Тамбурин бердім өздері құрастырып қарапайым тілдері мен Жобаларын түсіндіреді. Сондай-ақ «постермен» жұмыс жасайды. Жаңа сабак бойынша 1-ші тапсырма Ақ паракқа суреттер бойынша постер қорғайды. Әр топ өз-өздерін бағалайды. Мұғалімнің сабакта АҚТ пайдалану арқылы, интернет платформалары «Wordwall», «Pollie» бойынша үйлестірілген тапсырмаларды оқушылар қызыға орында.

Сабакты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары «Pollie» платформасы арқылы қойылып, жауаптар алынды. Кері байланыс сабак барысында сұрақ-жауап, әлеуметтік желі, платформалар арқылы, ал жалпы тақырыпты түсіну бойынша «Баланың» бейнесі смайлк әдісі арқылы алынды. Қорытынды: сабак мақсатына жетті. Оқушылар музикалық аспаптарды жобалауды қалай құрастыру керек екенін қарапайым тәсілдері мен көрсетті. Оқушылар музикалық аспаптарды қайда қолданатыны туралы, қалай жасалатыны туралы, қандай дыбыс атқаратыны туралы білді.

**Ұсыныс. Оқушыларды сабак айту барысында ғылыми терминдерді пайдалана отырып сөйлеуді қолға алу.**


23-ақпан күні (2024 ж) көркем еңбек пәнінің мұғалімі Молдабекова Майгул ба-сыныпта «Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру» тақырыбында үлгілі сабак өткізді. Мұғалім «Wordwall», «Quizizz» платформаларын пайдалана отырып, үй тапсырмасын «Көнілді барабан», өткен тақырыпты пысықтап тест тапсырмасын орындау, «Quiziz»

платформасында тест әдісі арқылы пысықтады.

Жана

такырып бойынша мұғалім тарапынан «*Кинометафора*» бейне ролик «*Ой қозғау*» әдісі бейнеказба көрсетіліп, окушылармен сұрақ-жауап арқылы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Окушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Сарамандық жұмыс "Бұйымды дайындау және безендіру". Қауіпсіздік ережесі жұмбақтарды шешу арқылы еске түсірді. Алған өлшемін таңдаған матасына сызады. Пішеді және қол не машина тігістерімен біріктіреді, сөндеді. Қол және машина тігістерін ұқыпты орындағы; Сарамандық жұмысты орындағы. Мұғалімнің сабакта АКТ пайдалану арқылы, интернет платформалары «Wordwall», «Quizizz» бойынша үйлестірілген тапсырмаларды окушылар қызыға орындағы. Бағалау әр топтағы бағалаушылар арқылы жүргізілді. Кері байланыс сабак барысында сұрақ-жауап, әлеуметтік желі, платформалар арқылы, ал жалпы тақырыпты түсіну бойынша «қолыңмен көрсет» әдісі арқылы алынды. Қорытынды: сабак мақсатына жетті. Молдабекова Майгул – өз пәнінен теориялық білімі жан-жақты, материалды терең ауқымды менгерген маман. Жан-жақты ізденісі көп, окушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті жоғарғы деңгейде. Сабак құрылымының әдіс-тәсілдерін, окушылардың окуга деген ынталынын, қызығушылығын оятаотырып, окушы мен мұғалім арасында жағымды атмосфера орнатады.

Апталықтың жабылуына байланысты «*Мен спротты танимын*» волейбол ойыны әр бірлестік арасында жарыс ұйымдастырылды.



Бұл жарыста өтте қызықты ойын техникасын жоғары деңгейде көрсетті 1орын алған жаратылыстану пән бірлестігі. 2-орын кіші қызметкерлер алды, 3-орын бастауыш пән бірлестігі иеленді, жақсы көзге түсіп ойнаған үздік шабуылшы атанған Күзембаева Жанар, үздік корғаушы Төлегенова Назира, жақсы ойын көрсеткен Беюжігітова Дидар, ардагер ойыншы Кенжебаева Раушан. Он күндіктің қортындысы бойынша ұстаздар мадактама грамоталармен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Ұсыныс:** Өтілмеген үлгілі сабактарға жіберілген кемшіліктерді түзетуге байланысты, атқарылатын іс – шаралар жоспары құру. Нормативтік құжаттар толықтырылып кемшіліктерді түзету.

## «Бірлік орта мектебі» мкм 2023-2024 оку жылындағы бастауыш сыйнып бірлестігінің III-тоқсандағы талдау есебі

### Мақсаты:

Мектептің барлық жұмыс жүйесін тұтастай байланыстыратын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың басты құралы әдістемелік жұмыс болып табылады. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі заман жағдайында *окыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен турлерін тиімді қолдануга* байланысты артып отыр.

Бастауыш сыйнып бірлестігінің жұмысы З тоқсанда жылдық жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырылды.

Қантар айының 21-25 аралығында бастауыш сыйнып оқушыларының күнделіктерінің жүргізуін тексеру жүргізілді.

**Тексеру мақсаты: күнделікті толтыруға қойылған талаптарды орындау.** Тексеру қорытындысы бойынша сыйнып жетекшілеріне бірқатар ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда:-күнделікті жүргізудегі кемшіліктер бойынша жұмысты уақытылы жүргізу;-ата-аналардың күнделікке апта сайын қол қойып отыруын дұрыс жолға кою; кемшіліктерді жою үшін жоспарлы түрде жұмыс жүргізу. Ақын Құнғамалы Мақатаевтың туған күніне орай бастауыш сыйнып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Мұқагали оқулары» атты іс-шара өткізілді. Оқушылар ақынның өлеңдерінен үзінділер оқып, ақынның шығармашылығы туралы мағлұмат алды. Бастауыш сыйнып арасында мектепшілік «Кішкентай ханшайым, экесімен болшы айым » атты сайыс ұйымдастырылып, нәтижесінде бас жүлде 2 ә сыйныбы иеленсе, 1 орынды 1 а,3 ә сыйныптары өз қоржындарына ие болды.

Бастауыш сыйныбында Наурыз мерекесіне арналған «Әз Наурыз», «Алғыс айту» күндеріне арналған іс-шараға белсene қатысты. Сонымен қатар 4 «а» сыйныбы Республикалық 26-29 ақпан аралығында өткен «Дарын» Республикалық Ғылыми- Практикалық орталығы ұйымдастырган «Ақ бота » зияткерлік олимпиадасына қатысып Әлімқызы Аида, Кенжеханқызы Аяла, Ғайниұлы Санжар II дәрежелі диплом иеленді.




«ПедСтарт» ғылыми- әдістемелік Республикалық білім беру орталығы ұйымдастырган I Республикалық «Мың бала-2024» олимпиадасында Жанан Дінмұхамед І орын, Серік Айсұлу І орын, Кенжеханқызы Аяла І орын, Әбдіжаппар Әбділда І орын иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды.




«Зерде» республикалық конкурсының аудандық кезеңінде Төлеген Абылайхан қатысып III орын иеленді




Мәдениеттану пән бірлестігін үйімдастырумен өткен «Толагай» отбасылық спорттық сайысына 4 а сынып атынан Тайбақовтар отбасы қатысып жүлделі 2 орын иеленді.



4 «ә» сыныбы бойынша «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне катысып , Сәкен Әнел, Каркен Нұрдаulet II-I дәрежелі диплом иеленді.



«ПедСтарт» ғылыми- әдістемелік Республикалық білім беру орталығы үйімдастырыған I Республикалық «Мың бала-2024» олимпиадасында Элібек Арман II орын, Каркен Нұрдаulet Порын, Мирон Аяна III орын, Базархан Сымбат Кожамбек Ақерке сертификаттариеленіп, арнайы дипломмен марапатталды.



«Бастау» респубикалық олимпиадасында Жанұзак Аят Қожамбек катысып II орындарды иеленді.



3 тоқсанда 4 ә сынып білім алушылары мектепте өткен барлық іс- шараларға белсенділікпен қатысты. Мектеп кітапханасынан, ауылдық кітапханадан түрлі тақырыптағы кітаптар алғып оқып, өз білімдерін толықтырып отырды. «ПедСтарт» ғылыми- әдістемелік Республикалық білім беру орталығы үйымдастырган I Республикалық «Мың бала-2024» олимпиадасында 1 «а», «ә» сынып білім алушылары: Алтынбай А. Ролланұлы Ж. Нұркен Ә. Берік Ж. Ерланқызы С. жетекшісі Досымбекова Ж. 1 ә сыныбынан Айдарқұл Е. Дарханұлы Н. Фазазқызы А. Мұратқызы Г. Талгатқызы А. Бауыш А. Мейліс А. Қожамбек А. Мұқтар А. жетекшісі Уябасарова С. 3 «а» сыныбынан Мейрамғазы А. Марат М. Жұлдызқызы Ә. 2-орын иеленді. Кенгуру" ойын – конкурсы 2 «а» сыныбынан Бейбітқызы Балжан, Жанұзак Рамиз, Таңатар Анар III дәрежелі марапатпен марапатталды. Жетекшісі Жуасбаева А. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық II- орын иеленгені үшін Нұркөрім Аяна марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Шашубаева Ф.

Есепті дайындаған:  
Бастауыш пән бірлестігінің жетекшісі  Ж. Досымбекова

## «Бірлік орта мектебі» мкм бойынша III тоқсандағы бжб , тжб жұмыстарының талдауы бойынша модерация хаттамасы

2023-2024 оку жылында «Бірлік орта мектебі» мкм бойынша жыл бойына оқу пәндерінің өткізу күні мен уақытын көрсете отырып, ТЖБ және БЖБ тапсыру кестесі әр пән бойынша құрылып, мөрмен бекітілді. Пән мұғалімдері өз пәндеріне сәйкес 3-тоқсанда бжб және тжб бойынша құрастырылған тапсырмаларын алғып, сынып бойынша білім сапасын шыгарды.

**БЖБ орындау уақыты-20 минут. ТЖБ орындау уақыты – 40 минут**

**БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары** келесі жұмыстарды қамтиды:

- Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, тәжірибелік тапсырмалар, зерттеу тапсырмалары, жобалар, эссе және т. б.;
- 1 дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары (үш тапсырмадан артық емес);
- Бірнеше жауаптары бар тест тапсырмалары (үш тапсырмадан артық емес);
- Салыстыруға арналған тест тапсырмалары (үш тапсырмадан артық емес);
- Қысқаша жауапты талап ететін сұрақтың ашық нысандары (жауап сөз немесе қысқа сөйлем түрінде);
- Толық жауапты талап ететін сұрақтардың ашық формалары (ұсыныс түрінде жауап).

Жиынтық жұмыстарды өткізу туралы ұсынымдарға сәйкес кестеде үзілістің ұзактығы 15 минут 20 минуттан үш пән қойылады, одан кейін үзілістің ұзактығы 15 минут болатындаи 40 минуттан үш пәннен аспайтын тоқсан бойынша жиынтық жұмыстарды өткізу кестесі жасалады.

Бекітілген жиынтық жұмыстарды өткізу кестесімен пән мұғалімдері, оқушылар және ата-аналар таныстырылады.

### 3 тоқсан, Шетел тілі пән бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Сынып: 11а

Оқушылар саны: 7

Мұғалім: Жумали А. Ж.

Мақсат:

Есеп: БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің талдауы

Пән	Оқушы	Максималды балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Ұлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
Оқушылар саны							
БЖБ 1	7	10	0	5	2	57	100
БЖБ 2	7	10	0	5	2	57	100
ТЖБ	7	24	0	5	2	57	100

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:

	Төмен (Н): 0-39%	Орта (С): 40-84%	Жоғары (В): 85-100%
БЖБ 1	-	Азильхан Балнұр, Фазиз Олжас, Ерболат Мөлдір, Ергали Диас, Қожағұл Даңияр	Ерназ Шалқар,

			Ершиман Диана
БЖБ 2	-	Азильхан Балнұр, Фазиз Олжас, Ерболат Мөлдір, Ергали Диас, Қожағұл Данияр	Ерназ Шалкар, Ершиман Диана
ТЖБ	-	Азильхан Балнұр, Фазиз Олжас, Ерболат Мөлдір, Ергали Диас, Қожағұл Данияр	Ерназ Шалкар, Ершиман Диана

**З токсан, Шетел тілі пән бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау**

Сынып: 6ә

Оқушылар саны: 20

Мұгалім : Жұмали А

Мақсат:

Есеп: БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің талдауы

Пән	Оқушы	Максималды балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны	Сапа %	Үлгерім %		
			төмен			жоғары	
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
			Оқушылар саны				
БЖБ 1	20	12	0	19	1	70	100
БЖБ 2	20	11	0	17	3	65	100
ТЖБ	20	22	0	16	4	75	100

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:

	Төмен (Н): 0-39%	Орта (С): 40-84%	Жоғары (В): 85-100%
БЖБ 1	-	Ерданакызы Айғаным, Ерденұлы Бақдаулет, Жарболұлы Нұртас, Қаныбай Ақылбек, Қаныбай Асылбек, Русланқызы Кәусар, Сейтқазы Айбике, Таиров Рамазан, Талғатқызы Жанел, Тастанова Алуа, Айдарұлы Мұқали, Амантай Әнел, Әзілханұлы Нұртас, Базархан Сұлтан, Бергенбай Нұрай, Даuletбай Асхат, Дәуіржанұлы Нұрзат, Дінслям Ернар, Реймкүл Жанерке	Ғалымбеккызы Кәусар
БЖБ 2	-	Ерданакызы Айғаным, Ерденұлы Бақдаулет, Жарболұлы Нұртас, Қаныбай Ақылбек, Қаныбай Асылбек, Русланқызы Кәусар, Сейтқазы Айбике, Таиров Рамазан, Талғатқызы Жанел, Тастанова Алуа, Амантай Әнел, Базархан Сұлтан, Ғалымбеккызы Кәусар, Даuletбай Асхат, Дәуіржанұлы Нұрзат, Дінслям Ернар, Реймкүл Жанерке	Айдарұлы Мұқали, Әзілханұлы Нұртас, Бергенбай Нұрай
ТЖБ	-	Ерденұлы Бақдаулет, Жарболұлы Нұртас, Қаныбай Ақылбек, Қаныбай Асылбек, Сейтқазы Айбике, Тастанова Алуа, Айдарұлы Мұқали, Амантай Әнел, Әзілханұлы Нұртас, Базархан Сұлтан, Бергенбай Нұрай, Ғалымбеккызы Кәусар, Даuletбай Асхат, Дәуіржанұлы Нұрзат, Дінслям Ернар, Реймкүл Жанерке	Ерданакызы Айғаным, Русланқызы Кәусар, Таиров Рамазан, Талғатқызы Жанел

**3 тоқсан, Қазақстан тарихы пән бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау**  
Сынып:

11ә

Оқушылар саны:

11

Мұғалім: Нурманов Е. Е.

Мақсат:

Есеп: БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің талдауы

Пән	Оқушы	Максималды балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Ұлг ері м %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
Оқушылар саны							
БЖБ 1	11	11	3	3	5	64	73
ТЖБ	11	30	0	8	3	64	100

**1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:**

	Төмен (Н): 0-39%	Орта (С): 40-84%	Жоғары (В): 85-100%
БЖБ 1	Вагнер Виктор, Қаласова Балдаурен, Түгелбаева Ақерке	Аманжол Ертай, Қанат Азamat, Сүлеймен Назгүл	Жакып Аяулым, Кайыргали Аяулым, Кулиева Диана, Таңжайық Аяулым, Түгелбаева Ақзер
ТЖБ	-	Аманжол Ертай, Вагнер Виктор, Жакып Аяулым, Кулиева Диана, Қаласова Балдаурен, Қанат Азamat, Сүлеймен Назгүл, Түгелбаева Ақерке	Кайыргали Аяулым, Таңжайық Аяулым, Түгелбаева Ақзер

**2 тоқсан, Қазақстан тарихы пән бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау**

Сынып: 11ә

Оқушылар саны: 11

Мұғалім: Нурманов Е. Е.

Мақсат:

Есеп: БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің талдауы

Пән	Оқушы	Максималды балл	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Ұлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0 - 39 %	40 - 84 %	85 - 100 %		
Оқушылар саны							
БЖБ 1	11	11	3	3	5	64	73
ТЖБ	11	30	0	8	3	64	100

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:

	Төмен (Н): 0-39%	Орта (С): 40-84%	Жоғары (В): 85-100%
БЖБ 1	Вагнер Виктор, Қаласова Балдаурен, Түгелбаева Ақерке	Аманжол Ертай, Қанат Азamat, Сұлеймен Назгүл	Жакып Аяулым, Кайыргали Аяулым, Кулиева Диана, Таңжайық Аяулым, Түгелбаева Ақзер
ТЖБ	-	Аманжол Ертай, Вагнер Виктор, Жакып Аяулым, Кулиева Диана, Қаласова Балдаурен, Қанат Азamat, Сұлеймен Назгүл, Түгелбаева Ақерке	Кайыргали Аяулым, Таңжайық Аяулым, Түгелбаева Ақзер

6 сыныптардың БЖБ, ТЖБ қорытындысына келсек:

6 сынып бойынша ағылшын тілі пәні бойынша 2 БЖБ , 1 ТЖБ жүргізді. Жиынтық бағалау бойынша математика пәнінен 11-22 балл мах ұпай берілген сол жинаған ұпай бойынша әр оқушының тапсырманы орындаудағы пайызы шығарылды. 6 сынып бойынша бжб орта көрсеткіш көрсеткен оқушылар Ерданақызы Айғаным, Ерденұлы Бақдаулет, Жарболұлы Нұртас, Қаныбай Ақылбек, Қаныбай Асылбек, Русланқызы Кәусар, Сейтқазы Айбике, Таиров Рамазан, Талғатқызы Жанел, Тастанова Алса, Амантай Әнел, Базархан Сұлтан, Фалымбекқызы Кәусар, Даuletбай Асхат, Дәуіржанұлы Нұрзат, Дінслям Ернар, Реймкүл Жанерке осы оқушылармен қосымша тапсырмалармен жұмыс жасалды.

6 сынып бойынша ағылшын пәнінен 2 бжб, 1 тжб алынды. Сыныпта барлығы 20 оқушы. Пән мұғалімі: Жұмали А. Жиынтық бағалау бойынша әр пәнге мах ұпай берілген сол жинаған ұпай бойынша әр оқушының тапсырманы орындаудағы пайызы шығарылды. 6 сынып бойынша тжб жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар: 85-100% Ерданақызы Айғаным, Русланқызы Кәусар, Таиров Рамазан, Талғатқызы Жанел.

11-сынып бойынша ағылшын тілі пәні бойынша 2 бжб, 1 тжб. Оқушы саны- 7. 85%-100% қорытынды балдан жоғары пайыз көрсеткен Ерназ Шалқар, Ершиман Диана.

ДОТІКО

М.Шілдебай

**«Бірлік орта мектебі» мкм бастауыш сынып мұғалімі**  
**Айкимбаева А 2-сыныпта өткен әдебиеттік оқу пәнінен «Ертегі оқыған соң»**  
**тақырыбында өткізілген сабакқа талдау**

**Уақыты: 19-23 ақпан**

**Зерделеу мақсаты:** 2-4 сынып бойынша әдебиеттік оқу пәнінің берілуін бақылау, пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру.

2024 жылы сәуірдің 19 –ақпан күні әдебиеттік оқу пәні бойынша 2-сыныпта «Ертегі оқыған соң» тақырыбында сабак өткізілді. Сабактың басы оқушыларды түгендепеуден басталды. Психологиялық ахуал қалыптастырып, білім алушылардың назарын сабакқа аударды. Мұғалім үй тапсырмасын сұрап, дескриптор арқылы бағалады. Тақырыпты ашу кезеңінде «Сен қандай ертегілерді білесің?» атты «Ою» әдісі арқылы оқушыларды үш топқа бөліп, топтық тапсырмалар берілді. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, бағаланып отырды. Жаңа тақырыппен үштастырылып, аудиотыңдалым тыңдалды. Тыңдалым дағдысы бойынша оқушылар қосымша сұрақтарға жауап берді. «Табан іздері» әдісі арқылы оқушылар «арқылы оқушылар «Не түсіндік?» сұрағына жауап бру арқылы балл жинады. Одан кейін сызба арқылы ертегі кейіпкерлері бойынша ертегі атауларын табу ойынын ойнады. Ерекше білімді қажет етейн оқушыға жақсы көретін ертегім тақырыбына әңгіме құратты. Ал ерекше қабілетті оқушымен Білеттін ертегілерінді түрлеріне қарай ажыратып, тізімін жасау тапсырмасы берілді. Сабак соңында оқушыларға кері байланыс беріліп, баллдық шкала бойынша бағалады. «Білім заряды» рефлексиясы арқылы оқушылар өз-өздеріне есеп берді.

**Қорытынды:** Мұғалім сабактың мақсатына жетті.

Сабакты «орташа деңгейде ұйымдастырылған » деп бағалаймын.

**Ұсыныс:** Көмек қажет ететін оқушылармен диалогтық қатынас көп жүргізу. Оқушылармен жұптық, жеке жұмыстар қосу, тапсырмаларды жүйелеу.

Бастауыш сынып мұғалімі

аты-жөні

Талдаумен таныстым

А.Айкимбаева

21-ақпан күні 4-сынып «Су асты қамқорлық» тақырыбында әдебиеттік оқу пәнінен сабак өткізілді. Сабактың басы шаттық шенберінен басталды. Оқушылар дөңгелене тұрып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін арнады. Сабактың мақсаты: 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу. Өткен тақырыпқа шолу барысында оқушыларға үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойылып, «Ауызша мадақтау» әдісімен бағаланды. «Фишбоун» әдісі арқылы су тіршілігіне қатысты сұрақтар беріліп, оқушылар топпен жауап берді. «Еркін әңгіме» әдісі арқылы мәтінмен, оқулықпен жұмыс жасады. «Дереккөз» әдісі арқылы оқушылар ұялы телефоннан су асты өмірдің құпиясы тақырыбы бойынша іздену жұмыстарын топпен жасады және сол білген ақпараттары бойынша ұжыммен бөлісті. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі арқылы топ бойынша тапсырма орындалап, белсенді қатысқан оқушылар бағаланып отырды. **Кері байланысты «Уш қадамдық сұқбат»** әдісі арқылы береді. Мұғалім оқушылар жауабын талдап, өз қалыптастыруши бағасын қойды.

**Оқу тапсырмасы:** сұрақтарға жауап дайындау.

**Ұсыныс:** Көмек қажет ететін оқушылармен диалогтық қатынас көп жүргізу. Оқушылармен жұптық, жеке жұмыстар қосу, тапсырмаларды жүйелеу.

Бастауыш сынып мұғалімі

аты-жөні

Талдаумен таныстым

А.Дарибаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша  
«Қоғамдық-гуманитарлық» бағытындағы пәндерінің жүргізілу, оқытылу  
жағдайын бақылау қорытындысы туралы**  
**ТАЛДАУ**

**Мерзімі:** 13-17 қараша

**Бақылау объектісі:** 5-11 сыныптар

**Бақылау формасы:**

Сабакқа қатысу  
күнтізбелік, күнделікті сабак жоспарлары

**Бақылау түрі:** тақырыптық

**Мақсаты:** 5-11 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің жүргізілу, оқытылу жағдайын бақылау

2023-2024 оку жылының қараша айының 13-17 «Қоғамдық-гуманитарлық» бағыты бойынша мемлекеттік білім стандартының орындалуы, сабактың берілуі және оқушылардың білім сапасы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.

Омарова Гүлнара- білімі жоғары, жоғары педагог-зерттеуші. Күнтізбелік және күнделікті сабак жоспарлары оку бағдарламасына сай жасалған. 5-11 сыныптарға сабак береді. Жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өтіп, сертификатталған. «Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінде оқушылардың ұлттық санасын, туған тіліне деген көзқарасын қалыптастыру, қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық ізденуге, өзін-өзі жетілдіруге бейім жеке тұлға тәрбиелеу» өзекті мәселе бойынша жұмыс жүргізеді. Өз күжаттары ретті, жүйелі. Сабак жоспарлары сынып бойынша жеке-жеке салынып жүйеге келтірілген. Жас мамандардың сабактарына қатысып, әдістемелік нұсқаулар мен ақыл кеңес беріп отырады. Сабактарында білім, білік, дағдыны қалыптастыруды әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. 15.11.23 күні 9-а сыныбында өткізген қазақ тілі пәнінен «Ұлы адамдар достығы» сабағына қатыстым. Оқушыларды «Досыңды таңда» әдісі арқылы топқа бөліп, «Жіпке жан бітіру» тәсілімен үй тапсырмасын сұрады. Постермен жұмыс жасап, пікірталас ұйымдастырыла отырып, өте тартысты өтті. Оқушылар топпен және жүппен жұмыс жасай алады. Таңдалған тапсырмаларда жас ерекшеліктері ескерілген. Сабак құрылымы мазмұнына сай.. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс бар.

Мейрманова Тоты – білімі жоғары, бірінші санатты мұғалім. Күнтізбелік және күнделікті сабак жоспарлары оку бағдарламасына сай жасалған. 5-6-сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабак береді. Жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өтіп, сертификатталған. «Жеке тұлғаға бағытталған оқыту ретті, жүйелі. Сабак жоспарлары сынып бойынша жеке-

жеке салынып, жүйеге келтірілген. Жас мамандардың сабактарына қатысып, әдістемелік нұсқаулар мен ақыл кеңес беріп отырады. ба сыныбында 13.11.23 күні өткізген «Отанға деген сүйіспеншілік» тақырыбындағы сабактың интербелсенді тақтаны тиімді пайдалана білді. Тірек сызбалар, постер, кластер әдіс-тәсілдерін шебер қолдана білді. Сабак құрылымы мазмұнына сай. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс бар.

Күзембаева Жанар – педагог-модератор. 8-11- сыныптар аралығында 12.11.23 күні «Сөз зергері» тақырыбында сыныптан тыс сайыс өткізді. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс бар. Таңдалған тапсырмалар жас ерекшелігіне сай, толық орындалды. Оқушылар ойын тиянақты жеткізе алады. Уақыт тиімді пайдаланылды. Сабакта шығармашылық жұмыс болды. Мұғалімнің дидактикалық материалдары, көрнекіліктері жинақталған. Пән мұғаліміне жеке оқушымен жұмыстар жүргізу керек екендігі туралы ұсыныс айтылды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәннің сыныптар бойынша сынып журналдарының жүргізілуі тексерілді. Сынып журналдары күнтізбелік жоспарға сай, уақытылы толтырылып отырғанын байқадық. БЖБ, ТЖБ жұмыстарының бағаларын уақытылы қою керектігі ескертілді.

Пән мұғалімдері Омарова Г, Мейрманова Т, Күзембаева Ж. дәптерлерді уақытында тексеріп отырған. Жұмыс дәптерлерінде үй тапсырмасы, сынып жұмысы орындалған. Қателері түзетілген, мұғалімнің таза, ретті жазуға берген ұсыныстары бар.

5-11- сыныптарды тақырыптық бақылау қорытындысы негізінде пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінің әдістерін, ақпараттық технологияларды сапалы қолдану, енгізу;
2. Сабактың уақытын тиімді пайдалану;
3. Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқыту формаларын түрлендіру;
4. Үй тапсырмаларының күнделікке жазылуын қадағалау;

Комиссия мүшесі:  М.Шілдебай

Таныстым:  Г.Омарова

 Т.Мейрмаева

 Ж.Күзембаева

## **«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша оқушылардың оку сауаттылығының қалыптастыру жұмыстарына анықтама**

**Мақсаты:** 1-11 сынып оқушыларының оку сауаттылығын қалыптастыруды қазақ тілі пән Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заманың талабы. Соның ішінде оку сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және колдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оку сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабактары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондыктan күнделікті сабакты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оку сауаттылығын арттыруды маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оку сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы.

Бастауыш сыныптар бойынша оқушылардың оку сауаттылығын арттыру үшін қазақ тілі пәнінен беретін мұғалімдер диктант жазу түрлерін қолданады. Диктант жазу кезінде, синоним, омоним, антоним табу, сөз таптарына жіктеу, сөйлем мүшелеріне талдау сияқты тапсырмаларды қолданады.

Жоғары сынып оқушыларының оку сауаттылығын қалыптастыру жұмыстар төмендегідей:

- Оқылым алдындағы тапсырма;
- Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабак барысында қолдануга болады. 1. Мазмұнын түсіну үшін оку немесе көз жүгіртіп оку — мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.
- Нәкты ақпараттарды табу үшін оку — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оку, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оку, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сездерді тауып алу.
- Детальді түрде оку- әрбір сездің мағынасын түсіну үшін мәтінді сезбе-сөз оку. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұскауларды түсіну үшін сезбе-сөз оқимыз.
- Сөз мағынасын контексттен ажырату — мәтін ішіндегі таныс емес сездің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сездер мен сөйлемге назар аудару.
- Мәтін құрылымын түсіну — мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.
- Болжай білу — оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымаң бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді онай түсінуге көмектеседі.
- Мәтін түрлерін ажырата білу — әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарат, хабарландыру, т.б. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей: Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сездерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сездерді,

мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап берे алатында ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатында жасалуы керек. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады.

**Ұсыныс:**

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру үшін диктанттан бөлек шығарма жазу, мазмұндама, көшіру жұмыстары бойынша да тапсырмаларды көбірек сабак барысында қолдану ұсынылды.
- Жоғары сынып оқушыларының оқу сауаттылығы орта деңгейде болғандықтан, тапсырмаларды жиілетіп, әр сабактың 2-3 минутын оқу сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстар кіріктіру ұсынылды.

ДОТІЖО

 М.Шілдебай

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша білім сапасын арттыруда бастауыш сынып мұгалімдерімен «**Бастауыш сыныптарда жылдам оқудың тиімді тәсілдерін қолдану**» тақырыбында коучингтің өткізілуі туралы **анықтама**

**Уақыты:** 14 ақпан сағ 15:00

**Қатысты:** 10

**Мақсаты:** Коучинг — мұгалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, мәтінмен жұмысты әр түрлі әдістермен орындауды таныстыру;

**Нәтижесі:** Сабакта жылдам оқудың тиімді тәсілдерін менгеріп, өз сабактарында тиімді пайдалану.

Коучинг басы «Сәлемдесу» Әр халықтың амандасуы. Әр түрлі түсте жасалған (қызғылт, қызғылт сары, ашық жасыл) қолдарды көрсету арқылы амандасу жолдарын көрсетті..

**Жаңбыр ойыны;** З зат. 1. Шапалақ. 2. Қолды тізеге қою. 3. Аяқ тарсылату.

Мұғалімдерді Қызғылт, қызғылт сары, ашық жасыл лента әдісімен топқа бөлді. Әр топ бір-біrine сәттілік тілей отырып, мимикамен тілектерін көрсетеді. Басқа топтар қандай тілек немесе сәттілік тілеп жатқанын айтып берді. Коучингті жүргізуі мұғалім Ж.Досымбекова жылдам оқытуудың, оқу техникасына тоқтала кетті. Арнайы видео көрсетілді. Мұғалімдер топтаса отырып, тапсырмалар құрастыруды, әр топ өз тапсырмаларын корғап, идеялармен бөлісті. Әріптерді жылдамдыққа оку; Шапалақ арқылы жылдамдыққа топпен оку; 1 минута буынға бөліп, 1 минут қосып, жылдамырақ оку, 3 минута тез-тез асықтырып оку қате болса да мұғалімдерге өте қызық тапсырма болды. Аса қызығушылықпен тапсырмаларды орындаады.

Мұғалімдер топпен Алфавит бойынша берілген сандардан сөздер құрап,

**«Баста –тоқта» ойынын ойнады**. Әр топтарға **жаңылтпаш** айтқызу арқылы жылдамдықты арттырға болатынын түсінді. «Шульте кестесі» бойынша оқушылардың зейінін арттыруға болатынына көз жеткізді. Оқушылардың оқу жылдамдығын арттыруда көптеген әдіс-тәсілдерді бар екендігі және тек оның ішінде жүзеге асатындарын мұғлімдер тәжірибедін өткізіп, өз қолданыстарына енгізетіндерін айтты.

**Корытындылау.** Осындаған жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың мәтінді түсініп оқи білуі мен есте сақтауы, мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білуі, оны тәжірибесінде пайдалану дағдысы мен жылдам оқу бойынша ауызша, жазбаша жеткізу дағдылары қалыптасады.

Ұсыныс: Жалпы бастауыш сынып оқушыларында кездесетін мәселелерді бірлесе отырып, шешемін табу;

Осындаған пайдалы акпаратқа толы болатын тәжірибе алмасуды жиі ұйымдастыру;

ДОТІКО

М.Шілдебай

ӘБ жетекшісі

Ж.Досымбекова

Шешім:

1. Тәлімгерлердің жас маманмен жұмысы жандандырылсын, үнемі әдістемелік көмек көрсетілсін;
2. III тоқсанда атқарылған әдістемелік жұмыстар есебі « қанағаттанарлық деп танылсын;
3. Тоқсандық БЖБ және ТЖБ талдау жұмыстарының есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын;
4. 2-4 сынып әдебиеттік оқу пәнінің берілу жағдайы қадағалауға алынсын. Қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Шілдебайға жүктелінсін;
5. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары тереңдетіліп, пән мұғалімдеріне міндеттелінсін;
6. Білім сапасын арттыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісу жұмыстарының нәтижесі «қанағаттанарлық» деп танылсын;
7. Қазақ тілі сабағының оқытылуын зерделеу бойынша жұмыстары әлі де толықтырылып, жоспарға сай толық жұмыстың орындалуы қадағалансын. Осы жұмыстарды қадағалау директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Шілдебайға жүктелінсін;